

Бұқар жырау мен Байық шешеннің айтысы

Түркі халықтарының құрамына жататын қазақ пен башқұрт елдері ежелден іргелес орналасып, көншелі өмір беле-сінде қарым-қатынаста болғаны белгілі. Тегі бір-екі жұрттың етене байланысын Бұқар жырау Қалқаманұлы мен башқұрттың Байық шешен Байназарұлының арасындағы әзіл-оспақты қақтығысуы да аңғартады. Бұл қақтығысудың мәтіні Башқұртстан Республикасының мерзімді әдеби басылымы «Акеділ» журналының 1970 жылғы 7-ші санында басылған. Бұл журнал менің қолыма өткен ғасырдың 70-жылдары іс-сапармен Башқұртстандағы Көміртау қаласында ашық әдіспен қоңыр көмір өндіретін кәсіпорынға барғанымда түскен еді.

Байық шешеннің кезінде «Тархан» атағын алған әкесі Бұқар жыраудың әкесі Қалқаман секілді бағыр болған.

Байық шешен 1710 жылы Башқұртстанның қазіргі Ушалы ауданында дүниеге келген, яғни

ол Бұқар жыраудан 25 жас кіші деген сөз. Байық шешен табан астында өлең шығаруға шебер болған қабілетімен бірге асқан өнерлі күйші де болыпты. Байық шешен 1770-ші жылдардың басында башқұрттардың әйгілі батыры Салауат Жолайұлына (Юлаевка) арнап өлең, 1812 жылы Наполеон Бонопартты жеңіп елге оралған орыс әскерлерін қарсы алып, «Байық» атты күй шығарған. Осы жерде айта кетсек, орыс әскерлерінің қатарында сол соғысқа қатысқан башқұрт азаматтары да болған.

Байық шешеннің Бұқар жыраумен кездесу себебі былай болыпты. Байназар Тарханның Байық, Танып, Тайып, Қайып, Таньық есімді бес ұлы болған. Байықтың інісі Тайып башқұрттың Азыналы деген ауқатты адамының қызымен жасырын көңіл қосып, қазақ еліне қашады. Осы жағдайға байланысты Байық та қазақ даласына кетуге мәжбүр болады. Сонда Бұқар

жырау Байықпен кездесіп қалып, оған мысқылды түрде өлеңмен жұмбақтап айтқаны:

«Естек* болдың, бар болдың,
Кең далада зар болдың.
Өзіне жұмбақ айттайын,
Тапсаң, ұлым етейін.
Тапшасын құлым етейін.
Күндіз қойды күтерсің,
Кешке жүнді түтерсің.
Ұйқым келді демессің,
Күндіз дамыл етерсің.
Кең далада қос ағаш
Қос ағаштың қос басы
Бір қазанға сыймастай.
Қос қошқардың қос басы,
Бар екен ел қасқасы,
Тұрған бейне тақырға,
Ала бөтен қақа емес.
Ай мен күндей екеуі
Жансызданған тақ емес».

Бұқар жыраудың бұл жұмбақ өлеңін Байық шешен былай шешеді.

«Кең далам деп айтқаның,
Елінен қашқан бұл естек.
Мақтасын деп күткенің,
Мен де көрген жер екен,
Сен де білген жер екен.

Ағатасы ту болып,
Жабу жапқан нар екен,
Жатаған тау сазарып,
Ағаштары қуарып,
Төбе-төбе құм екен.
Емшегінен сүт тамбас,
Шөлдеген жұтым су таппас,
Дала дегенін сол екен.
Үрке қашып қасқырдан,
Өз ботасын қорғаған,
Аруана боздаған,
Мүлгіп жатқан шөл екен.
Жартастағы бүркітін,
Тұлпар мінген жігітін,
Алмастырған бір бүтін.
Түйе үстінде жалбаңдап,
Құлақшыны салпаңдап
Қазақ деген ер екен.
Қос ағашым дегенің
Кең далада қос ылап**
Қазағыңды кептірген.
Кең далада қос басы,
Тап алаштың қасқасы.
Бір қазанға қос антын
Салып бірге қайнатқан,
Тоқалдай күйеу сыйлатқан
Абылай сұлтан хан екен».
Сонан соң қазақ билері қолға түсіру үшін Байық шешенді

іздете бастапты. «Елге айдар, жүрекке қанжар болғысы келеді екен», - деп, оны елден қуып жіберуге ұйғарыпты. Мұны сезген Байық шешен қазақ даласынан қашып, Оралына қайтып кетті...

Бұқар жырау мен Байық шешеннің айтысын осы жолдардың авторының өтініші бойынша қазақ тіліне аударған жазушы, марқұм Машкар Бахретдинұлы Гумеров.

Башқұртстанның тарих және әдебиет институтының фольклор секторының менгерушісі, философия ғылымдарының кандидаты Нұр Зайышовтың айтуынша, аталмыш айтыс 18-ғасырдың ортасында болған.

*Естек (иштак) - башқұрт халқының екінші аты.

** Ылаш - күрт кептіретін биік өре.

Серік Жақсыбаев, КСРО Журналистер одағының мүшесі, Екібастұз қаласының құрметті азаматы